




***ҚЕХС сәйкес міндеттемелердің
есебі***

***ҚЕХС (IAS 12)
Пайдаға салынатын
салықтар***

Уақытша айырмашылықтар -
активтің немесе міндеттеменің
қаржылық жағдай туралы есептік
құны мен олардың салықтық
базасы арасындағы
айырмашылық.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері - салық салынатын уақытша айырмашылықтарға байланысты алдағы кезеңдерде төленуі тиісті пайдаға салынатын салық сомасы.

Кейінге қалдырылған салық активтері - алдағы кезеңдерде өтелуі тиісті пайдаға салынатын салық сомасы.



ҚЕХС (IAS 17)
Жалдау

Жалдау – жалға беруші жалға алушыларға жалдау ақысына немесе төлемдер тобының орнына келісілген уақыт ішінде активтерді пайдалану құқығын беретін шарт.

Қаржылық жалдау – актив иеленумен қатар жүретін барлық тәуекелдіктер мен пайдаларды елеулі түрде көтеретін шарттар бойынша жалға беру.

Қорытындысында құқықтық мәртебе берілуі де, сондай-ақ берілмеуі де мүмкін.

Операциялық жалдау – қаржылық жалдаудан өзгеше жалдау.

Қаржылық жалдаудың тану белгілері:

- жалдау мерзімінің соңында активті иелену құқығы жалға алушыға көшеді;
- жалға алушының жалдау мерзімінің басында осы құқықты іске асыру күні әділ құннан айтарлықтай төмен бағаға осы активті сатып алуға құқығы бар, ал жалдауды қабылдаған күні бұл құқықтың жүзеге асырылатыны туралы негізделген сенім бар;
- егер меншік құқығы мүлдем берілмейтін болса да, жалдау мерзімі активтің экономикалық қызмет көрсету мерзімінің елеулі бөлігін құрайды;
- жалдау қабылданған күнгі жалдау төлемдерінің ең төменгі дисконттық құны ең кем дегенде жалға алынған активтің барлық әділ құнының елеулі үлесін құрайды; және
- жалға алынған активтердің тек жалға алушы ғана оларды елеулі түрдегі түрлендірусіз пайдалана алатын арнаулы сипаты бар.


Қаржылық жалдау бастапқы тануда келесі екі өлшемнің ең төменгісі бойынша бағаланады:

- әділ құн;**
- минималды жалдық төлемнің дисконтталған құны**



**ҚЕХС (IAS 19) Қызметкерлерге
берілетін сыйақылар**

Қызметкерлерге берілетін сыйақы – ұйымның қызметкерлерге олар көрсеткен қызметтің орнына ұсынылатын сыйақылардың және төлемдердің барлық түрлері.

- 
- 1. Қызметкерлерге берілетін қысқа мерзімді сыйақылар;**
 - 2. Еңбек қызметі аяқталған кезде төленетін сыйақылар;**
 - 3. Қызметкерлерге берілетін басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар;**
 - 4. Демалыс жәрдемақылары;**


**Еңбек қызметі аяқталған кездегі
төлемақылардың екі жоспары
бар:**

- 1. Белгіленген жарналары бар сыйақы
жоспарлары***
- 2. Белгіленген төлемдері бар сыйақы
жоспарлары***



ҚЕХС (IAS 23)

Қарыздар бойынша шығындар




Қарыздар бойынша шығындар -
ұйым қарыз қаражатын алуға
байланысты жұмсаған пайыздық
және басқа шығыстар.

Белгілі бір талаптарға сай келетін активті сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей қатысты қарыздар бойынша шығындар сол активтің құнына қосу жолымен капиталдандырылуға тиіс.

Ұйым басқа қарыз шығындарын шығыс ретінде жұмсаған кезеңінде тануы тиіс.

Белгілі бір талаптарға сай келетін актив - болжалды пайдалануға немесе сату үшін әзірлеу елеулі уақытты қажет ететін актив.



Жағдайларға қарай, төмендегілердің кез келгені талаптарға сай активтер бола алады:

- босалқылар
- өндірістік зауыттар
- электр энергиясын өндіретін станциялар
- материалдық емес активтер
- инвестициялық жылжымайтын мүліктер.

Капиталдандырудың басталуы

Қарыздар бойынша шығындарды белгілі бір талаптарға сай келетін актив құнының бір бөлігі ретінде капиталдандыруды ұйым белгілі бір күні бастауы тиіс.

Капиталдандыруды тоқтата тұру

Қаражат қарыздары бойынша шығындарды капиталдандыру объектіні түрлендіру жөніндегі белсенді жұмыста үзіліс болатын ұзақ кезеңдер ішінде уақытша тоқтатыла тұруы тиіс.


Капиталдандыруды тоқтату

Қарыздар бойынша шығындарды капиталдандыру белгілі бір талаптарға сай келетін активті мақсаты бойынша пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін қажетті барлық жұмыстар іс жүзінде аяқталған кезде тоқтатылуы тиіс.



ҚЕХС (IAS 37)

***Бағалау міндеттемелері,
шартты міндеттемелер және
активтер***



Бағалау резерві — мөлшері
бойынша не орындалу мерзімі
бойынша белгісіз міндеттеме.

Резервтерің тану белгілері:

- өткен оқиғалар нәтижесінде ұйымның ағымдағы міндеттемелері болғанда (заңды және енгізілген);
- осы міндеттемелерді орындау үшін ықтимал болып табылатын экономикалық пайдасы бар ресурстарға қандай да бір қажеттілік туындағанда;
- міндеттеме сомасына сенімді есеп жасалғанда танылады.

Шартты міндеттемелер - бұл:

бұрынғы оқиғалардан туындайтын және ұйымның бақылауында толық болмайтын бір немесе одан да көп белгісіз болашақ оқиғалардың басталуымен немесе басталмауымен расталатын ықтимал міндеттеме

■ ***Шартты актив*** - бұрынғы оқиғалардан туындайтын және ұйым толық бақыламайтын бір немесе одан да көп белгісіз болашақ оқиғалардың басталуымен немесе басталмауымен расталатын ықтимал актив



ҚЕХС (IFRS 2)

Акциялар Негізіндегі Төлемдер

Акциялар Негізіндегі Төлемдер *үш түрлі операциялардан тұрады:*

- үлестік құралдармен есеп айырысулар;
- ақша қаражаттарымен есеп айырысулар, олардың сомасы үлестік құралдардың құнына байланысты;
- таңдау бойынша, ақша құралдарымен немесе үлестік құрал шығарумен.

Бағалау әдістері:

- **Тікелей әдіс;**
- **Жанама әдіс.**